

**2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата - ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы**

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 8 ақпандағы № 47 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 14 ақпанда № 8259 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 2-тармағына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2019 жылға арналған Лисаков қаласының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Лисаков қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Лисаков қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Лисаков қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкімдіктің  
2019 жылғы "8" ақпандағы  
№ 47 қаулысына  
қосымша

**Жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын 2019 жылға арналған Лисаков қаласының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері**

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы ( аудан, қала)	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының атауы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Б і р тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың бір айдағы орташа құны ( теңге)	Мектепке дейінгі білім б е р у ұйымдарында ата-ананың бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)
1	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің " Дельфинчик" бөбекжай-бақшасы " коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	290	28013	3 жасқа дейін – 7480 3 жастан бастап - 9240
2	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің " Ивушка" бөбекжай-бақшасы " коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	280	28013	3 жасқа дейін – 7480 3 жастан бастап - 9240
3	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің " Мұрагер" бөбекжай-бақшасы " коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	265	28013	3 жасқа дейін - 7480 3 жастан бастап - 9240
		Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің " Мұрагер" бөбекжай-бақшасы " коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	40	35797	
4	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің " Балапан" бөбекжай-бақшасы " коммуналдық	165	28013	3 жасқа дейін – 7480

		мемлекеттік қазыналық кәсіпорны			3 жастан бастап - 9240
5	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің " Улыбқа" бөбекжай-бақшасы " коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	264	28013	3 жасқа дейін – 7480 3 жастан бастап - 9240
6	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің " Нұрлы Жол" бөбекжай-бақшасы " коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	265	28013	3 жасқа дейін – 7480 3 жастан бастап - 9240
7	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің " Болашақ" бөбекжай-бақшасы " коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	210	28013	3 жасқа дейін – 7480 3 жастан бастап - 9240
8	Лисаков Қаласы	"180 орынға арналған " Балақай" бөбекжай-бақшасы " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	180	28013	3 жасқа дейін – 7480 3 жастан бастап - 9240
9	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің " Красногор негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жанындағы толық күндік шағын-орталық	25	28026	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК